

**Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының "Біліктілік емтихандары туралы ережені бекіту туралы" 2010 жылғы 3 қарашадағы № 302 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 208 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 29 маусымда № 7765 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2014 жылғы 7 наурыздағы № 94 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 07.03.2014 № 94 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 142-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының «Біліктілік емтихандары туралы ережені бекіту туралы» 2010 жылғы 3 қарашадағы № 302 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 6624 болып енгізілген, 2010 жылғы 25 қарашадағы «Казахстанская правда» газетінде жарияланған № 320 (26381)) бұйрығына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Біліктілік емтихандары туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Біліктілік емтиханын тапсыру үшін қажетті құжаттар тізімі:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) жеке куәлігінің көшірмесі;

3) жоғары заңгерлік білім туралы дипломының нотариалды куәландырылған к ө ш і р м е с і ;

4) жеке сот орындаушыларының аумақтық алқасымен куәландырылған тағылымдамадан өту туралы қорытындының көшірмесі;

5) кандидаттың тұрғылықты мекенжайы бойынша бір айдан кем емес мерзімде наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған м е д и ц и н а л ы қ а н ы қ т а м а л а р . » ;

20 және 21-тармақтар алып тасталсын.

2. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының  
Б. Имашев

«Келісілді»  
Республикалық коллегия төрағасы  
\_\_\_\_\_ Г. В. Ким

2012 жылғы 16 мамыр